

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №14 негізгі орта мектебі» КММ
жанындағы Қамқоршылық кеңестің 2025 жылғы 15 тамыздағы
№ 18 ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар: 8 адам
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылар мен қызметкерлердің тіршілік қауіпсіздігі шаралары.
2. Қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі мәселелерінде бақылауды күшейту шаралары туралы.
3. Жаңа оқу жылының басталуына арналған салтанатты жиынды өткізу туралы.

Көтерілген мәселелердің барысы

Бірінші мәселе бойынша директордың шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары Н.С. Вильдянованың ақпараты тыңдалды. Ол қатысушыларды білім беру процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылар мен қызметкерлердің тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларымен таныстырды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: 1.1 Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылар мен қызметкерлердің тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қанағаттанарлық деңгейде деп есептелсін; 1.2 Мектеп қызметкерлері қауіпсіздік техникасын сақтасын, санитарлық-гигиеналық, жылу, жарық, өртке қарсы және антитеррорлық режимдерді орындасын.
Мерзімі: тұрақты.

Екінші мәселе бойынша директордың шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары Н.С. Вильдянованың ақпараты тыңдалды. Ол қатысушыларды қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі мәселелерінде бақылауды күшейту шараларымен таныстырды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: 2.1 Қауіпсіздік, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі мәселелерін бақылау бойынша жұмыс қанағаттанарлық деңгейде деп танылсын. 2.2 Мектеп қызметкерлеріне электр шәйнектерін пайдалануға, мұғалімдердің, персоналдың және оқушылардың мектепте және бұған арналмаған орындарда (асханадан бөлек) шай ішуіне тыйым салынсын; **Мерзімі:** тұрақты. 2.3 Н.С. Вильдянова оқу кабинеттерінде, дәліздерде, әжетханаларда, асханада және қосалқы бөлмелерде электр энергиясы мен судың жұмсалуын, жабдықтардың, компьютерлік және өзге де техниканың уақтылы өшірілуін бақылауды күшейтсін. **Мерзімі:** тұрақты. 2.4 Н.С. Вильдянова электр аспаптарының дұрыс пайдаланылуын, жарық режимі кестесінің сақталуын, тоңазытқыш және технологиялық жабдықтардың жай-күйі мен дұрыс пайдаланылуын бақылауды күшейтсін.
Мерзімі: тұрақты.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Ж. Шудабаеваның ақпараты тыңдалды. Ол биылғы жылы «Білім күнін» «**Мектебім – мейірім мекені!**» тақырыбында өткізу ұсынылғанын, өткізу форматын білім беру ұйымдары бүкіл мектеп қоғамдастығының қатысуын қамтамасыз ете отырып, өз бетінше айқындайтынын жеткізді. Білім күніне арналған салтанатты жиынды 2 қыркүйек күні сағат 10.00-де өткізуді ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Білім күніне арналған салтанатты жиын 2 қыркүйек күні сағат 10.00-де өткізілсін.

Қамқоршы кеңесінің төрағасы :



Турченко А

Хатшы:



Росликова Е.В